

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 354 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 961 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32352 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін қалыптастыру, сондай-ақ оған мәліметтер енгізу жөніндегі нұсқаулықтың (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 шілдеде № 33059 болып тіркелген) талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

				Тегі, аты және		
--	--	--	--	----------------	--	--

№	Қабылдау күні	Қабылдау пункті (станция атауы, орган атауы)	Жеке іс (нөмірі, жеке іс бойынша анықтаманы жасаған орган атауы)	әкесінің аты (бар болса, егер бірнеше болса, барлығын атап көрсету)	Туған жылы	Қ а й мерзімге сотталды ж әне мекеме түрі (санаты)	ҚР ҚК-ның қай бабы бойынша сотталды немесе айыпталады
1	2	3	4	5	6	7	8

(3-ші және одан кейінгі тақ беттері – қайырылатын жердің оң жағы)

Айдауылмен алып жүру үшін негіз (оларды шығарушы, нөмірі мен күні көрсетілетін нұсқау, наряд, бұйрық, өкім, қаулы)	Қайда және кімнің қарамағына жүреді (қала, станция, орган атауы)	Қ а й да тапсырылуға тиіс (станция, орган атауы)	Толық/ішінара тінту мен толық тексеруді кім жүргізді (атағы мен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	Тінту кезінде алынған ақша мен тыйым салынған заттар тізбесі, жол жүру кезеңінде ұсталған камера нөмірі	Айдауылдағы адамдарды және құжаттарды қабылдаған айдауыл бастығының немесе әскери полиция органы лауазымды адамының қолхаты
9	10	11	12	13	14